Келісілді
«Арман» б/б КМҚК
Кәсіподақ төрайымы
Хасенова А.Б.

Бекітемін
«Арман» б/б КМҚК
директоры
Инкарбекова М.О.

АТА-АНАЛАР (ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕР) МЕН БАЛАЛАР, ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР ҮШІН "АРМАН"БӨБЕКЖАЙЫ КМҚК КЕҢЕС БЕРУ ПУНКТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1.Жалпы ереже

1.1 "Арман "бөбекжайы" КМҚК кеңес беру пункті (бұдан әрі-КП) "Білім туралы" ҚР Заңына сәйкес мектепке дейінгі ұйымға бармайтын 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың ата-аналарына консультациялық көмекті жүзеге асырады.

1.2 Осы ереже МДҰ-да жұмыс істейтін консультациялық пункттердің қызметін реттейді

1.3 Кеңес беру пункттер мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда отбасына көмек көрсетудің бір нысаны болып табылады.

1.4 Ата-аналардың өтініші бойынша отбасымен тікелей рөлді әдіскер жүзеге асырады

1. Кеңес беру пункт жұмысының мақсаттары мен міндеттері

2.1 Кеңес беру пункті отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, МДҰ-ға келмейтін балалардың жеке басының жан-жақты дамуын қолдау мақсатында құрылады.

2.2 Кеңес беру пунктінің негізгі міндеттері:

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) МДҰ-ға келмейтін балалардың дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз етуде жан-жақты көмек көрсету.
- мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу, оқыту және дамытудың түрлі мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) жан-жақты көмек көрсету;
- МДҰ бармайтын мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге көмек көрсету.

2. КП қызметінің мазмұны

3.1 Ата-аналарға (заңды өкілдерге) психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру әдіскер, медицина қызметкері, педагог-психолог, музыка жетекшісі, тәрбиеші, қазақ тілі мұғалімі мамандарының қызметін интеграциялау негізінде құрылады.

3.2 Кеңес беру пункті қызметінің негізгі нысандары ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған дәрістерді, теориялық және практикалық семинарларды, ата-аналардың (заңды өкілдердің) сұрауы бойынша жеке және топтық кеңестерді ұйымдастыру, сырттай оқытуды ұйымдастыру болып табылады.
3.3 Ата-аналарға (заңды өкілдерге) білім беру мәселелерінде сауаттылықты арттыру, педагогикалық және түзету білімі саласындағы ұсыныстарды кеңейту бойынша семинарлар (вебинарлар, кеңестер, ұсынымдар) өткізу.

4 Кеңес беру пунктті басқару және басшылыққа алу

4.1 Кеңес беру пункті қызметін ұйымдастыруды басқару және оған басшылық жасау осы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.
4.2 Кеңес беру ағымдағы жылдың ішінде қыркүйектен мамырға дейін кеңес беру пункті тегін жүзеге асырылады.
4.3 Кеңес беру пункті жұмысына жалпы басшылықты мектепке дейінгі ұйымның әдіскері жүзеге асырады, оның ішінде:
- жұмыс жоспарына сәйкес кеңес беру пункті жұмысын қамтамасыз етеді;
- кеңес беру пункті жылдық жұмыс жоспарын әзірлейді және оның орындалуын қамтамасыз етеді.

4.4 Кеңес беру пункті ұсынатын қызметтер:
- ата-аналарды(заңды өкілдерді) ағарту-ата-аналарды отбасының барлық мүшелері тарапынан балаға тәрбиелеуде бірыңғай талаптарды әзірлеу мақсатында ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған хабардар ету, жұмыстың әртүрлі цифрлық нысандары арқылы: кеңес беру (ата-аналарды баланың дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиелік әсердің негізгі бағыттары туралы психологиялық, түзету, педагогикалық хабардар ету, дағдарыстық жағдайларды жеңу).

5. Кеңес беру пунктінің құжаттары

5.1 Кеңес беру пунктінің қызметін қамтамасыз ету үшін мынадай құжаттама жүргізіледі:
- Ата-аналарға (заңды өкілдерге) және олардың балаларына кеңес беру пункт туралы ереже;
- Кеңес беру пункттін ашу туралы бұйрық;
- Кеңес беру пунктінің жұмыс жоспары;
- Өтініштерді тіркеу журналы;
- Ата-аналардың өтініші.

6. Қорытынды ережелер

6.1 Осы ереже басшының бұйрығы шыққан сәттен бастап қолданысқа енеді.
6.2 Ереженің жарамдылық мерзімі жаңасы қабылданғанға дейін қолданылады.